

## **Амангелді газ кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға уақтылы іске қосуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 сәуірдегі N 355 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар Амангелді газ кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға уақтылы іске қосуды қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Амангелді газ кен орнының кешенді газ дайындау қондырғысы мен инфрақұрылымы объектілерін пайдалануды іске қосуды қамтамасыз ететін Амангелді газ кен орнына жабдықтар беруші, оны жайластыру жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарын беруші болып "Қазхиммонтаж холдинг" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазхиммонтаж холдинг" ААҚ) белгіленсін.

2. "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен жабдықтар беру және жоғарыда көрсетілген жұмыстарды орындау жөнінде "Қазхиммонтаж холдинг" ААҚ-мен шарт жасасу ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*